ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

22 мамыр 2024 жылғы 6309-24-00-2/751 іс Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ибраева Н.Е.,
хатшылықта сот отырысының хатшысы Аскарова А. қатысуымен
ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
1.«Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2.«Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысуын деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Хажмуханов А.
талап қоюшы өкілі Шулембаева Г
жауапкер «Қыран 2050» ЖШС-ніц окілі Төлен А.Н.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

30 қаңтар 2024 жылы «Астана-Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жауапкер «Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер-1) арасында мемлекеттік сатып алу туралы № 05-02\52 шарты жасалды. Осы шарттың негізі бойынша жеткізуші тауарды жеткізуді міндеттенді. Шарттың 1,2 қосымшаларына сәйкес жеткізумерзімі өтінім бойынша өтінім жіжергенкүннен бастап 1 күн. Өтінім жіберген күн 31 қаңтар 2024 жыл. Алайда жауапкер тауарды белгіленген күні 16 ақпанда жеткізбеді.

30 қаңтар 2024 жылы «Астана-Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жауапкер «Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі

жауапкер-2) арасында мемлекеттік сатып алу туралы № 05-02\53 шарты жасалды. Осы шарттыі негізі бойынша жеткізуші тауарды жеткізуду міндеттенді. Шарттың 1,2 қосымшаларына сәйкес жеткізумерзімі өтінім бойынша өтінім жіжергенкүннен бастап 16 күн. Өтінім жіберген күн 31 қаңтар 2024 жыл. Алайда жауапкер тауарды белгіленген күні 16 ақпанда жеткізбеді.

Талап қоюшы талапты ұлғайтып, жаупкерлердің шартта көрсетілген міндеттерді орынамағаны үшін тұрақсыздық айыбын өтеуді сұрады, жауапкер «Қыран 2050» ЖШС нен 131 947.2 тенге, жауапкер Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» ЖШС-нен 147 303,8 тенге өндәрәп алуын сұрады.

Талап қоюшы өкілі талап арызды толығымен қолдады.

Жауапкер өкілі Төлен А.Н. сот мәжілісінде талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Шартта көрсетілген сқмма жоғары болғанын, және тапсырыс берушімен жолдаған өтініге сәйкес берген уақыты аз болғанын, аз уақыт ішінде барлық тапсырысты үлгермегенін түсіндірді.

Жауапкер «Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» ЖШС сот мәжілісіне келметі, алдыңғы сот отырысында арызды мойындамай, аз уақыт ішінде барлық тапсырысты үлгермегенін көрсетті.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің (бұдан әрі-АҚ) 272 бабына сәйкес, міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-ң 349 бабына сәйкес мідеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 12 бабының 4 тармағының 5 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - НҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес

309-24-3-1/49

әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн.

Істі қарау барысында өнім берушінің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін бұзуы талап қоюға негіз болғаны анықталды. АК 359 бабының 2 тармағына сай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді.

Заңның көрсетілген нормасы шарт жасасу кезінде, өнім берушінің қоймасында тауардың болуын білдіреді, алайда іс бойынша мұндай дәлелдер табылған жоқ. Жауапкердің уақыттың аздығы бойынша тауардың бағасының жоғары болуы проблемалары туралы дәлелдерін, заң шығарушы жеткізушінің кәсіпкерлік тәуекелімен байланыстырады (АК 10 бабы.).

Осы себептерге байланысты, жауапкерлердің уәждері негізсіз деп танылды. Сот тапсырыс берушінің шарт жасасу кезіндегі күткен тауарын алмағанын, сондықтан ол үшін жағымсыз салдардың орын алғанын ескереді.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді. Мұндай жағдайларда өнім берушіні «Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін, «Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышылары деп тану туралы талабы орынды және қанағаттандырылуға жатадыйды.

№2 талабы бойынша

Міндеттемені бұзғандық үшін борышкорды жауапқа тарту несие тапсырыс берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі. Келісім-шарттың 7.3 тармағына сәйкес ұзартылған әрбір күнге келісім шартта көрсетілген жұмыстың бағасынан 0,1% мөлшерінде айыппұл өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасы АК-ң 293 бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу

(айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сот анықтағандай жауапкерлер шартта көрсетілген міндеттерін орындамады, сол себепті тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы заңды деп санайды. Алайда, жауапкер «Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің айыппұлды толығымен төлегені анықталды, сол себепті, жауапкер «Қыран 2050» ЖШС қатысты айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады. Ал жауапкер «Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің міндеттерін орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы толығымен өндіруге жатады.

АПК-нің 117, 109 баптарға сәйкес жауапкерден мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана-Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, «Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы - ішінара қанағаттандырылсын.

«Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

«Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер «Казахстанская Архитектурно-Строительная Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Астана-Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 147 307 теңге (жүз қырық жеті мың үш жүз үш) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік баж сомасы 3958,42 (үш мың тоғыз жүз елу сегіз) теңге өндірілсін.

Талап қоюшы «Астана-Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қыран 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен тұрақсыздық айыбын өтеу туралы талабы - қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақтар және (немесе) прокурор шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс Қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Көшірме дұрыс:

Судья **Ибраева Н.Е.**

Анықтама: Сот шешімі 23.07.2024 жылы күшіне енді.

Судья **Ибраева Н.Е.**